8D10101 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге арналған «Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мәселелерін және фармацевтердің жалған дәрілік заттар туралы хабардар болу деңгейін талдау» тақырыбындағы Амирханова Гулсим Нуркеновнаның диссертациялық жұмысының

АННОТАЦИЯСЫ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттырудың, медициналық көмектің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің және халық денсаулығын сақтаудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасына сәйкес, дәрілік заттарды ұтымды пайдалану науқастардың клиникалық қажеттіліктеріне сәйкес келетін дәрілік препараттарды жеке ерекшеліктеріне сай дозада, жеткілікті уақыт бойы және пациент пен қоғам үшін барынша төмен шығынмен қолдануды көздейді (WHO, 2019).

Алайда, дәрілік заттарды ұтымсыз пайдалану жаһандық деңгейде өзекті мәселе болып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері мен халықаралық зерттеулерге сәйкес, дәрілік препараттардың елеулі бөлігі дұрыс тағайындалмайды немесе қолданылмайды, бұл полипрагмазияның кең таралуына, клиникалық ұсынымдардың сақталмауына және дәріге төзімділіктің дамуына әкеледі (WHO, 2019; Ofori-Asenso, 2016; Nyabuti et al., 2020). Оңтүстік Малавидегі медициналық ұйымдарда жүргізілген зерттеу дәрілік заттардың артық көлемде сатып алынып, ұтымсыз қолданылатынын және олардың елеулі бөлігінің жарамдылық мерзімі өтіп кететінін көрсеткен (WHO, 2020).

Сонымен қатар, дәрігерлердің клиникалық нұсқаулықтар мен хаттамаларды сақтамауы, еңбек өтілі артқан сайын дәлелді медицина қағидаттарына сүйену деңгейінің төмендеуі дәрілік заттарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етуге кедергі келтіреді (Зурдинова, 2018). Жалған және сапасыз дәрілік заттардың таралуы да жаһандық денсаулық сақтау саласындағы елеулі қауіптердің бірі болып табылады. Бұл құбылыстың күшеюіне жаһандану, интернет-сауданың кеңеюі және мұндай заңсыз айналымның жоғары кірістілігі ықпал етуде (Пожилова және т.б., 2020; Kaur et al., 2025).

Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мәселелері нормативтік-құқықтық актілермен реттелгенімен, денсаулық сақтау ұйымдарында дәрі тағайындау тәжірибесін, клиникалық хаттамалардың сақталуын және дәрілік заттардың сапасын қамтамасыз етуге әсер ететін факторларды кешенді түрде бағалауға арналған ғылыми зерттеулер жеткіліксіз (ҚР ДСМ, 2020; ҚР Денсаулық сақтау кодексі, 2020). Осыған байланысты халықты сапалы, қауіпсіз және тиімді дәрілік заттармен қамтамасыз ету тетіктерін ғылыми тұрғыда негіздеу өзекті ғылыми-тәжірибелік міндет болып табылады.

Зерттеу мақсаты: Мәселелік аспектілерді анықтау және оларды алдын алу бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мәселелеріне және фармацевтердің жалған дәрілік заттар туралы хабардар болу деңгейіне талдау жүргізу.

Зерттеу міндеттері:

1. Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану және жалған дәрілік заттар айналымы жөніндегі заманауи ғылыми деректер мен халықаралық тәжірибелерге талдамалық шолу жүргізу.
2. Фармацевтердің жалған дәрілік заттарды анықтау, алдын алу және олар туралы хабарлау мәселелері бойынша хабардарлық және құзыреттілік деңгейін бағалау.
3. ДДСҰ индикаторларына сәйкес алғашқы медициналық-санитарлық көмек (МСАК) деңгейінде дәрілік заттарды тағайындау, босату және тұтынудың негізгі көрсеткіштерін талдау.
4. Фармацевтердің жалған дәрілік заттар туралы хабардарлығын арттыруға және дәрілік заттарды ұтымды пайдалану тәжірибесін жақсартуға бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу материалдары және әдістері: Зерттеу Шымкент қаласында жүргізілді және дәрілік заттарды ұтымды пайдалану, сондай-ақ фармацевтердің жалған дәрілік препараттарға қатысты хабардарлығы мен қырағылық деңгейін бағалауға бағытталды. Зерттеу кешенді, пәнаралық және аралас әдістерге (mixed methods) негізделген дизайнда жүзеге асырылды.

Зерттеудің бірінші кезеңінде жалған дәрілік заттардың айналымы және дәрілік заттарды ұтымды пайдалану мәселелері бойынша халықаралық деректер базаларында (PubMed, Scopus, Web of Science және т.б.) жүйелі және интегративті әдеби шолу жүргізілді.

Екінші кезеңде Шымкент қаласының жеке және желілік дәріханаларында жұмыс істейтін фармацевтер арасында сандық сауалнама (N=250) және жартылай құрылымдалған сұхбат түріндегі сапалық зерттеу (N=10) өткізілді. Фармацевтердің хабардарлығы мен қырағылық деңгейін бағалау үшін Равина–Барретт сауалнамасы қолданылды.

Үшінші кезеңде алғашқы медициналық-санитариялық көмек деңгейінде дәрілік заттарды тағайындау, босату және тұтыну көрсеткіштері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) индикаторлары бойынша бірмезгілде жүргізілетін көлденең зерттеу аясында бағаланды. Зерттеуге 13 медициналық ұйым енгізіліп, әр ұйымнан 30 пациенттен барлығы 390 пациент қамтылды.

Алынған деректер SPSS және R бағдарламалық орталарын пайдалана отырып сипаттамалық және салыстырмалы статистикалық әдістермен өңделді, сапалық деректер тақырыптық талдау әдісімен зерделенді. Сандық және сапалық нәтижелерді интеграциялау арқылы дәрілік заттарды ұтымды пайдалануды жетілдіруге және жалған дәрілік препараттарға қатысты қырағылықты арттыруға бағытталған практикалық ұсынымдар әзірленді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. 155 жарияланымды талдау нәтижесінде жалғандәрілік заттар негізінен жұқпалы аурулармен байланысты екені анықталды, ал сәйкессіздіктердің негізгі себептері — белсенді фармацевтикалық заттың (API) төмен мөлшері және сапа ақаулары.

2. Фармацевтердің жалған дәрілік заттар, оларды анықтау технологиялары және есептілік механизмдері (YCS) туралы хабардарлық деңгейі жеткіліксіз, бұл білім беру және реттеу шараларының қажеттілігін дәлелдейді.

3. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде дәрілік заттарды ұтымды пайдалану индикаторларын талдау негізгі көрсеткіштер бойынша (кеңес беру уақыты, дәрілердің қолжетімділігі, антибиотиктерді тағайындау жиілігі, пациенттердің білімі) айтарлықтай орталықаралық вариабельділікті анықтады.

4. Алынған деректер негізінде фармацевтердің хабардарлығын арттыруға, дәрілерді тағайындау мен босатудың сапасын жақсартуға және жалған дәрілік заттармен байланысты қауіптерді азайтуға бағытталған ғылыми негізделген ұсынымдар әзірленді.

Зерттеу нәтижелері:

1. Басылымды талдау зерттеулердің 86%-ы жұқпалы ауруларға, ең алдымен безгекке қарсы препараттарға (46%), антибиотиктерге (15%) және туберкулезге қарсы препараттарға (8%) бағытталғанын көрсетті. Дәрілік заттардың сапасындағы сәйкессіздіктердің негізгі себептері әсер етуші зат (API) құрамының төмендігі (63,2%) және визуалды ақаулар (52,6%) болды. Бұл жалған дәрілер мәселесінің ең алдымен жоғары сұранысқа ие терапиялық кластарға шоғырланғанын көрсетеді.

2. Фармацевттердің ресми ақпараттық науқандарға қатысу деңгейі өте төмен; дегенмен, қатысушылар арасында мұндай науқандардың тиімділігін мойындау деңгейі жоғары болды ($p = 0,003$). YCS жүйесін пайдалану да төмен, бірақ респонденттердің көпшілігі бұл жүйені тиімді деп бағалады. Бұл білім/дайындық деңгейі мен нақты тәжірибеде қолдану арасындағы алшақтықты көрсетеді.

3. ДДСҰ-ның негізгі көрсеткіштері бойынша статистикалық тұрғыдан маңызды айырмашылықтар анықталды:

- кеңес беру уақыты – $p < 0,001$, диапазоны 3-тен 35 минутқа дейін;
- рецепт бойынша жазылған дәрілік заттардың қолжетімділігі – $p < 0,001$, ең төмен мәні 77% (№ 6 орталық);
- пациенттердің дозалар туралы білімі – $p = 0,002$, ең төмені 60%;
- антибиотиктерді тағайындау жиілігі – $p = 0,01$, ауытқулар 0%-дан 8%-ға дейін.

4. Деректерді интеграциялау негізінде ұсынымдар жүйесі әзірленді. Оған дәрілік заттарды тағайындау және босату процестерін стандарттау,

фармацевтік кеңес берудің рөлін арттыру, сондай-ақ 13 медициналық ұйым мен 250 дәріханада фармацевтер арасында пилоттық сынақтан өткен оқыту модульдері мен семинарларды енгізу кіреді. Бұл ұсыныстардың практикалық қолданылуы мен тиімділігі тәжірибе жүзінде расталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

Қазақстанда алғаш рет

1. Фармацевтердің жалған дәрілік заттар туралы біліміндегі негізгі олқылықтар және олардың жеткіліксіз хабардар болу себептері анықталды.

2. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде ДДСҰ индикаторлары бойынша дәрілерді ұтымды пайдалану жөнінде кешенді бағалау жүргізілді, бұл дәрілік заттарды тағайындау мен босатудың сапасына әсер ететін факторларды айқындауға мүмкіндік берді.

3. Алынған деректер негізінде фармацевтердің құзыреттілігін арттыруға және жалған дәрілік заттардың таралуын азайтуға бағытталған жаңа ұсынымдар мен білім беру іс-шаралары әзірленді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы:

1. Зерттеу фармацевтердің жалған дәрілік заттардың туралы хабардарлық деңгейі мен оларды анықтау мәселелері жөніндегі жаңа ғылыми түсініктерді қалыптастырады.

2. Алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде дәрілік заттарды ұтымды пайдалану индикаторлары (ДҰПИ) фармацевтикалық және медициналық ғылымның теориялық базасын кеңейтіп, дәрілік қамтамасыз ету сапасына әсер ететін факторлар модельдерін толықтырады.

3. Алынған деректер жалған дәрілік заттарды мониторингтеу жөніндегі ғылыми тәсілдерді дамытуға мүмкіндік береді және дәрілік қауіпсіздіктің тұжырымдамалық негіздерін нығайтады.

4. Алынған деректер жалған дәрілік заттардың алдын алу және фармацевтердің сақтық деңгейін арттыру бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеуге негіз болады.

5. Сауалнама нәтижелері және ДҰПИ көрсеткіштерін талдау дәрілік заттарды тағайындау мен босатудың ұтымдылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және енгізу үшін пайдаланылуы мүмкін.

6. Зерттеу нәтижелері оқу процесіне енгізілді: 6В10104 – «Фармация» білім беру бағдарламасының «Денсаулық сақтаудағы басқару» пәнінің силлабусына қосылды (4 курс).

7. Фармацевтердің дәрілік заттарды ұтымды пайдалану және жалған жасалған дәрілік заттар туралы білімін тереңдету мақсатында вебинар мен семинарлар өткізілді. Оқыту Шымкент қаласының 13 қалалық медициналық ұйымы және 250 жеке/желілік дәріханаларының фармацевтеріне жүргізілді, дәрілік саясат саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері түсіндірілді.

Докторанттың жеке үлесі: Зерттеу аясында автор зерттелетін мәселені жан-жақты талдау үшін мақсат пен міндеттерді әзірледі. Деректерді жинау және интерпретациялау тікелей автордың өзі тарапынан жүзеге асырылды. Статистикалық өңдеу үрдісіне автор елеулі жеке үлес қосып, нәтижесінде

қорытындылардың шынайлығы мен сенімділігіне қол жеткізілді. Сондай-ақ ғылыми негізделген тұжырымдар жасалып, тәжірибелік ұсыныстар әзерленді, бұл зерттеу саласының әрі қарай дамуына ықпал етеді. Алынған деректерді талдау, нәтижелерді саралау және жарияланымдар түрінде қорытындылау жүргізіліп, бұл зерттеудің теориялық және тәжирибелік маңыздылығына елеулі үлес қосты.

Диссертация нәтижелерін апробациялау: Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері келесі конференцияда баяндалды:

«Мейіргер ісіндегі көпсалалы тәсіл» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Марат Оспанов атындағы БҚМУ КеАҚ, Тақырыбы: «Международный опыт мониторинга фальсифицированных лекарственных средств», Ақтөбе қ., 18-19 сәуір, 2024 жылы.

Тақырыптың ғылыми-зерттеу бағдарламаларының жоспарларымен байланысы.

Диссертациялық жұмыс бастамашыл тақырып аясында орындалды.

Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша жарияланған жұмыстар: Диссертация тақырыбы бойынша 9 ғылыми жұмыс басылымға шықты, оның ішінде:

- Scopus пен Web of Science Core Collection мәлеметтер базасына Кіретін халықаралық журналдардағы мақалалар – 1 (Scopus, 2025)
- ҚР Білім және ғылым Министрілігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған журналдардағы мақалалар – 2;
- Халықаралық ғылыми-тәжіребелік конференциялардағы тезистер – 1;
- Зерттеу нәтижелерін ендіру – 5.

Диссертацияның құрылымы мен көлемі: Диссертация мазмұнынан, анықтамалар, шартты белгілер мен қысқыртулардан, кіріспеден, әдибиеттік шолу, зерттеу әдістері мен материалдарынан, зерттеу нәтижелері мен талқылаулардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс компьютерлік терімнің 129 бетін құрайды. Құрылымы 7 кесте және 13 сүреттен тұрады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 179, тізім 4 отандық әдебиеттен, 175 шетелдік әдебиеттерден тұрды.